

Әуликөл жағасындағы

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР



Ақкөл-Жайылма өңіріндегі Қаражар бөлімшесі - көне тарихы бар, жер-суға бай өлке-лердің бірі. Мұндағы жер-су атауларының өзі ерекше. Кір жуып, кіндік кескен жерім Қаражар бөлімшесіндегі жер-су атауларының қалайша пайда болғандығына өз басым қатты қызықтым. Туған елдің, өлкенің тарихын білу әр азаматтың қасиетті борышы саналатындықтан, мен де «Әуликөл жағасындағы ортағасырлық ескерткіштер» атты тақырыпта зерттеу жұмысын жүргізіп, онда Қаражар ауылының маңындағы ежелгі қорымдарда жүргізілген қазба жұмыстары, одан табылған тарихи жұмыстардың құндылығына зер салдым.

Ақкөл-Жайылма - ортағасырларда хандарға мекен болған жер. Ол Алтын Орда заманында Шайбан тұқымының ұлыс құрған саяси және культтық орталығы болса керек. Көлдің оңтүстік жағасында Асан қайғы тасы, Түйте әулие ескерткіші, Исабек ишан зираты, шығысында Әулие ағаш, Шідерті өзенінің бойында Сағынайдың асында атақты Құлагерді сынаған Күреңбай сыншы бейіті, тағы да басқа ескерткіштер бар. Әуликөл қалашығынан мемориалды-культтық ескерткіштер (мазар, кесенелер) қалдықтары, шеберхананың және кірпіш күйдірген пештердің қалдықтары табылды. Осы жердің ортағасырлық тұрғындары өздеріне қажетті қыш ыдысты, кірпішті, тағы басқа тұрмыстық заттарды өздері жасап отырған. Ескерткіштердің негізінен Еділ мен Жайық өзендері бойындағы, Ұлытау

өңіріндегі кейінгі ортағасырлық жәдігерлермен ұқсастығы байқалады.

Ақкөл-Жайылма өңірі Өлеңті және Шідерті өзендерінің төменгі ағысындағы ұлан-байтақ жерді алып жатыр. Жалпы алғанда, бұл алқаптың жер көлемі екі ауданды (Екібастұз, Ақтоғай) қамтиды. Ақкөл-Жайылма ұғымына Өлеңті-Шідертінің төменгі ағысы, Ақкөлдің өзі, Ақкөлден төменге түсетін Дуана өзенінің бойы, одан әрі орналасқан көлдер жүйесі (Бөсенгінің, Қылдыкөл, Сасыккөл, Өмірзақ, Бозайғыр, Көктөбе, Тоқылы) енеді.

Өлеңті - ұзындығы жағынан облыстағы үшінші өзен. Павлодар облысы аймағында ағатын бұл өзеннің ұзындығы - 273 шақырым. Ақмола облысының Белогорское ауылынан оңтүстікке қарай 3 шақырым жерден басталып, солтүстік-шығысқа қарай ағып, Павлодар облысының бұрынғы Екібастұз кеңшары, қазіргі Төртүй ауылдық округіне жататын Қаражар ауылы тұсынан екіге бөлініп, бір саласы Әуликөлге, бір саласы Жаманкөлге құяды.

Қаражар - Ақкөлге ең таяу орналасқан ауыл. Атақты Естай ақынның туған ауылы. Қазақ өнерінің ордасы болған жер. Қаражар қонысында дәстүрлі құрылым байқалмайды. Ауылдағы әр шаңырақ жеке-жеке орналасқан. Шаруашылықтың негізі - мал шаруашылығы. Балықшылық құралдардың ішінде аса қызықтысы «қаза». Бұл - балық аулайтын құрал. Қазанның екі басында «қоржындары» бар. Екі ортасын «желі» деп, ал балықтың керетін қуысын «көмей» деп атайды. Ертіс және Сырдария бойында Қазалы деп аталатын ортағасырлық жер атаулары осы қазаға байла-

нысты. «Қара оба» ескерткіштері Қаражар ауылынан екі шақырым жерде, Ақкөлдің жағасында орналасқан қазақ зиратының ішінде. Қазақ зираты тарихи қорым есебінде бірнеше дәуірдің ескерткіштерін қоршап жатыр. Бұл жерде тас дәуірінің еңбек құралдары, қола дәуірінің қыш ыдыстарының сынықтары, ортағасырлық қорғандар кездеседі. Әсіресе қызықтырған екі төбешік зираттың күнбатыс жағына қарай орналасқан.

Қара оба-1 - биіктігі - 2 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай - 25 метр, батыстан шығысқа қарай - 30 метр, көл жағалауынан 80-100 метр жерде орналасқан.

Қара оба-2 - биіктігі - 1,7 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай - 24,5 метр, батыстан шығысқа қарай - 25 метр, көл жағалауынан 100-115 метр жерде орналасқан. Төбелердің үстінде қызыл кірпіш қалдықтары шапылып жатыр. Сирек те болса арасынан көк шыны жалатылған кірпіш сынықтары кездеседі. Төбелердің үстінде кірпіш күйдіруден қалған шлак қалдықтары да ұшырасады. Үшінші бір мәселе - төбелер маңында ортағасырлық қыш ыдыстарының кездесуі.

Қорыта айтар болсақ, жер-су атаулары, көне ескерткіштер жер тарихының айнасы. Өлкеміздің тарихы зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі. Ақкөл-Жайылма өңіріндегі Әуликөл жағасындағы ортағасырлық ескерткіштердің қазақ тарихы мен мәдениеті үшін маңызы зор деген байлам жасауға болады. Ендеше, осы өңірдегі тарихи-мәдени құндылықтарды халық қазынасына айналдыру үшін зерттеу жұмыстарын алдағы уақытта жетілдіру қажет деп санаймыз.

**Айдана Балтабаева,
10-сынып оқушысы,
Төртүй ауылы**

